

# ТУЫ

АЛМАТЫ ОБЛАСТЫ АГРОНОМИЯЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

Сейсенбі

Шығуына 33 жыл  
және саны 20 тыйын.

## Агрономиялық жұмыс

Тәрбиесі  
партия  
қорытын

арларына,  
ті, селкө  
аз түп та  
тияға өзде  
үделерінен  
инжендер  
қажырлы  
сетін, мем  
жоғары үс

тиваларын  
үресу—пар  
індегі. XIX  
ғының Ком  
нда партия  
рындау жо  
ға міндетті.  
қарарларына  
із, партия  
асыру жо  
муистердің


олар бізде екі тәртіп: қатардағы адамдарға арналған бір тәртіп, бастықтарға арналған екінші тәртіп бар деп түсінеді. Мұндай «басшылар» өздерін не істесе де ерікті, мемлекеттік және партиялық тәртіппен санаспауымызға, совет заңдарын бұзуымызға, бейбастақтық, озбырлық жасауымызға болады деп есептейді. Мұндай коммунист-басшылықтарды әшкерелеп, қатты жазалау — партия ұйымдарының тікелей міндеті.

Алматы қалалық партия ұйымы активінің жақын арада өткізілген жыйналысында бұл жыйналысқа қатысушылар мынадай факті келтірді. Қазақ егіншілік институтының директоры Жанғалиев және оның орынбасары Кәрібаев институтты өздерінің вотчинасына айналдырған, онда өздері не тілесе, соны істейді. Директор мен оның орынбасары мемлекеттік қаржыны оңға-солға шашып, өнімді талан-таражға салған, өздері тұрмыста азғынған, сынға қысым жасаған. Аз уақыттың ішінде олар, бұл даңдайсыған бекзаттарды әшкерелеген сиян астам ғылыми қызметкерлерді институттан қуып шығарған. Институтта істің жайы нашар екенін коммунистер Қазақстанның партия орындарына талай рет хабарлаған. Алматы қа-

Партия мүшесі... партия қарарларын орындау жолында белсенді жауынгер болуға міндетті. Партия мүшесі үшін партия қарарларына қосылып қана қою жеткіліксіз, партия мүшесі ол қарарларды жүзеге асыру жолында күресуге міндетті.

СОКП Уставынан.

## Бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындайық



А. И. Микоян атындағы ет комбинатының ет-порция цехы октябрь айында өндірістік жоспарды 122,5 процент орындады. Бұл — коллективтің Октябрь мерекесіне арнаған тартуы болатын. Кәзір цех жұмысшылары жаңа бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау үшін қажырлы күрес жүргізуде.

СУРЕТТЕ: Мінсіз сапалы өнім шығарушылар бригадасының мүшелері (солдан оңға қарай) И. Демченко, Е. Березняк және А. Бабак жолдастар.

## Қысқы агрономиялық шаралар тыңғылықты жүргізілсін

Өткен қыста Припешім совхозының коллективі егін өнімін арттырудың қысқы агрономиялық шараларын ойдағыдай жүзеге асырды. Егіншілер қар тоқтату, жергілікті және минералды тыңайтқыштар жыйнау жұмыстарын тынғылықты ұйымдастырып, дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыруға жетісті.

Совхоз коллективі қар тоқтатылған және минералды жергілікті тыңайтқыштармен тыңайтылған 870 гектар егістік алаңның әрбір гектарынан 18 центнерден өнім алды. Коллектив қар тоқтатылған және тыңайтылған учасіктерден қар тоқтатылмаған және тыңайтқыштармен тыңайтылмаған егістік алаңмен салыстырғанда 4—5 центнерден өнімді артық жыйнады.

Егін өнімін арттырудың басты шарттарының бірі—қар тоқтату және жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау жұмыстарына әзірлік Преснов ауданының Маленков атындағы, Молотов атындағы колхоздарында да деркесінде қолға алынды. Аталған колхоздардың колхозшылары быйыл барлық зяб пен пар жыртылған жерлерге қар тоқтатуға және оны минералды тыңайтқыштармен тыңайтуға, сөйтіп, бұл алаңның құнарлылығын арттыруға ұйғарып отыр. Партияның XIX



селен, ол ағаш дайындаушы жұмысшыларға арнап тұрғын үйлер салу туралы, ағаш дайындайтын учасктерде асханалар, магазиндер, тігіп мастерскойларын ашу туралы нұсқауларды срындауға тиісті шаралар қолданбады. Уәде беруге, сендіруге келгенде аянып қалмайтын бұл қызметкер ағаш дайындау жоспарының үнемі орындалмауына тәзіп отыра береді.

Архангельск облыстық партия комитеті де ағаш дайындау жоспарының қанағаттанғысыз орындалуы туралы мәселені жылыма-жылы талқылай тұрса да, партияның директиваларына атүсті қараушыларға қарсы батыл күрес жүргізбейтінің, кадрларды өздеріне тапсырылған іске күшті

позициясы танданарлық. Қалалық партия комитеті және оның секретары Губанов жолдас, мемлекетті алдаған, «Сталин-уголь» тресінің жұмысшыларын жабдықтау бөлімінің бастығы коммунист Иофинді жауанқа тартпағаны былай тұрсын, қайта оны өздерінің қорғауына алды. Айта кету керек, бұл қалалық партия комитетінің партиялық және мемлекеттік тәртіпті қасақана бұзушыларды әшкереленуден қорғауы тек бұл ғана емес.

Партия мен үкметтің нұсқауларына селқос, атүсті қараудың салдарынан кейбір қызметкерлер совет заңдарын өздері үшін міндетті емес деп сйлай бастайды,



## Жылдық жоспар Сталиндік Конституция Күніне дейін орындалады

ҚЫЗЫЛОРДА. (СОТА). Облыстағы ең ірі кәсіпорны—Қызылорда күріш тазарту зауытының коллективі Сталиндік Конституция Күні құрметіне стахановтық вахтаға тұрды. Бүкілхалықтық мерекеге жылдық жоспарды орындау ұйғарылды. Кәсіпорны кәзір тәуліктік өндірістік графикті 30-40 процент асыра орындап келеді. Күн сайын Москваға, Ленинградқа еліміздің тағы басқа өнеркәсіп орталықтарына жоспардан тыс ондаған тонна күріш жөнелтілуде.

Заводтың инженер-техник қызметкерлері стахановшылармен бірлесе стырып, күріш тазартатын агрегаттарды жаңа схема бойынша қайта орналастырды. Бұл күріш тазартуды едәуір шапшаңдатты. Заводтың бас технологі Захаров ұсынған техникалық жаңалықтарды пайдалану күріш тазартуды жақсартты, жабдықтардың жұмысын жеңілдетті. Өндіріс рационализациясы нәтижесінде өнімнің өзіндік құны бытырғымен салыстырғанда 10 процент арзандатылды. Осының есесіне жоспардан тыс 140 мың сомнан астам қаржы үнемделді.

## Ауыр салмақты поездар

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Көшет күн суытып, шымыр аяз басталды. Қыс Қарағанды жолы транспортшыларының жұмысын едәуір қыйындатты.

Паровоз машинистері қысқы жағдайлардағы жұмыс қыйыншылықтарын ойлағандай жеңуде. Олар ауыр салмақты поездарды әлі де барынша шапшаң жүргізуде. Ақмола депосының машинисі Бабыч Анардан Ақмолаға дейін салмақ нсрмасынан 800 тонна артық келетін составты жүргізді. Қар аралас соққан боранғын қарамастан, стахановшы поезды барынғы жеріне графиктен 11 минут бұрын жеткізді. Машинистер Плаксин мен Раевич қосалқы составтар жүргізді.

## КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ

20 ноябрьде Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясында село көркемөнерпаздарының республикалық байқауы ашылды. Байқауда бірінші болып Жамбыл облысының өкілдері өнерін көрсетті. Олардың репертуарында түрлі әндер, билер, көркем шығармалар оқу бар.

Мұнан кейін Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарының өкілдері өнерлерін көрсетті.

Байқау төрт күнге ссзылады.

(ҚазТАГ).

қарсы күресу, жоғарыдан төменге дейін, басшылықтың бүкіл системасында істің орындалуын бақылап тексеруді мейлінше күшейту партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзушыларды мезгілінде әшкерелеп, кемшіліктерді, қателерді, кеселді істерді мезгілінде ашып, жоюға мүмкіншілік береді.

Партиялық және мемлекеттік тәртіпті мейлінше нығайту шаруашылық және мәдениет құрылысында, сталиндік бесінші бесжылдықтың ұлы программасын орындау жолында жаңа табыстарға жетуіміздің кепілі болып табылады.

(«Правданың» 19 ноябрьдегі басмақаласы).

## Бадам МТС-і механизаторларының табыстары

ТЕМІРЛАНОВБА, (Оңтүстік Қазақстан облысы, (ҚазТАГ). Арыс ауданындағы «Интернационал» колхозының даладағы жазық қырманында көсек аршыйтын машина қызу түрде жұмыс істеуде. Машинаны Бадам МТС-нің механигі Әбжан Аманқұлов басқарып жүр. Көсек аршуда Аманқұлов зор табысқа жетті. Өзімен кезектесіп істейтін Иван Носковпен бірге ол күніне норма бойынша 12 тонна орнына 20 тоннадан көсек аршыйды. Көсек аршу қарқынын шапшаңдату үшін машиналардың күндіз-түні бірдей жұмыс істеуі қамтамасыз етілді.

## СУДАН ШӨБІ ЖӨНІНДЕГІ АГРОНОМИЯЛЫҚ КЕҢЕС

КОСТАНАЙ, 22 ноябрь. (ҚазТАГ). Мұнда судан шөбін өсірудің алғашқы тәжірибелерін талқылауға арналған облыстық агрономиялық кеңес болып өтті. Қарағанды селекция станциясының егістік жерінде үш жылдан бері судан шөбі егіліп келеді. Быйыл 1 гектар жерден 240 центнер көк шөп алынды. Судан шөбінің сояушының биіктігі 1,5 метрге жетті.

Судан шөбін колхоз және совхоз өндірісіне кеңінен енгізу жөнінде шаралар белгіленді.

пайдаланудан мемлекетке 77.500 сом пайдда келтірдік. Біздің пехта бірнеше жаңалық тапқыш жұмысшылар мен техник қызметкерлер бар. Олардың ішінде, әсіресе, Носков, слесарь Митиева, ұста Белов жолдастар ерекше көзге түседі. Бұл жолдастар өндіріс жоспарын арттырымен орындаумен қатар, өнім сапасын да жақсартта түсуде.

факторлар біздің ныш сезімімізді жолдастың басп жеңістеріне қарсыз етеді.

Шағын дөң ұста -пресс

## 1956 жылдың есе

Мен Петропавлдың шойын құю зауытында 1948 жылдан бері үлгі құюшы болып істеп келемін. Мақтанғаным емес, заводқа жұмысқа орналасысымен өзім тапсырылған жұмысқа адал ниетпен кірісіп, тапсырысты орындай бастадым. Тіпті көп кешікпей маған бір үлгі құюшыны оқытып шығару тапсырылды. Өзім өндірістік тапсырманы 300 процент, ал, өзімнен үйренген жас үлгі құюшы 400 процент орындап, зор абройға ие болдық.

Мұнан кейін де жас жұмысшыларды үлгі құю өнеріне үйретуді тоқтатқаным жоқ. Соңынан 12 жасөспірімді үлгі құю өнеріне үйреттім. Олардың барлығы кәзір біздің заводта жұмыс істеп, еңбек өнімділігін арттыруда. Жас үлгі құюшылар сменалық тапсырмасын 200 проценттен орындауда. Өзім де жақсы істеп жүрмін. Кәзір күнделік тапсырманы ұшжарым есеге жуық орындаймын. Шығарған өніммен өнім сапасын бақылаушылар ақаушығарып көрген емес. Мұнан былай да еңбек қарқынын кемітпей, жақсы істей

бергім келеді, өнім сапасын жақсартуға

Шойын құюшылары сыяқты Коммунистік партияның қарарларын, көп тарихи сөзін қатарихи документіден бүгін, бүгүндан 1953 жылы өзімді. Мен кәзірдің сінші бесжылдығымен орындап, көптеп өнім бермасаттанғым келді. Өзім экономикалық шейте беру ісін әл-ауқат тұрмыс дәрежесін көтеру қосуды азаматтық мін.

Шойын құю үлгі құюшы

## Жылдық жоспар мерзімінен бұрын

Пехаралық социалистік жарысты өрістерлік күнделіктете отырып, «9 май» кәсіпшілік артели үстіміздегі жылдың 9 айының жоспарын мерзімінен бұрын 110,9 процент орындап, өнімнің өзіндік құнын 5,6 процент кемітті, сөйтін, мыңдаған сом мемлекет қаражатын үнемдеді.

Ал, Октябрь революциясының 35 жылдығы қарсаңындағы жарыста одан да жоғары нәтижелерге ие болды. Бұл жарыста жаппай бір үлгілегі киім тігу пехы алда болды. Пех жұмысшылары түгелдей

дерлік күнделік тапсырды. Әсіресе, киімнің өзіндік құнын 5,6 процент кемітті, сөйтін, мыңдаған сом мемлекет қаражатын үнемдеді. Ал, Октябрь революциясының 35 жылдығы қарсаңындағы жарыста одан да жоғары нәтижелерге ие болды. Бұл жарыста жаппай бір үлгілегі киім тігу пехы алда болды. Пех жұмысшылары түгелдей



# НЫҢ ӘЛ-АУКАТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ БАРҒАН САЙЫН АРТУДА



## Көсемге алғыс айтамыз

Сталиндік бақыт нұрына бөленген совет жастарының көздейтін мақсаты — оқып білім алу, коммунизмнің белсенді құрылышы болып шығу. Біздің елімізде бұл мақсат жүзеге асырылып келеді. Мұның өзі совет жастарының қуанышы және мақтанышы.

ССРО-ны өркендетудің 1951 — 1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдығы жоспарында қарастырылғандай, жалпыға бірдей орта білім алуға көшу совет жастарын шексіз қуанышқа бөлеп, оның социалистік Отанымызға деген сүйіспеншілігін күшейте түсті.

Совет мемлекеті оқу-ағарту жұмысына миллиондаған сом қаражат жұмсауда. Мектептердің санын көбейтіп, барлық жастардың сауына толық мүмкіншілік беріп келеді. Сол мектептердің бірі — біздің Капшин атындағы қазақ орта мектебі. Мектебімізде оқудың сапасы жылдан-жылға жақсартылып, оқушылардың саны көбеюде.

Біздің мектептің жанында 140 балалық интернат бар. Олардың барлығын киіндіру, тамақтандыру және тәрбиелеу жұмыстары мемлекет есебінде. Балалардың коммунистік рухта тәрбиеленуіне үздіксіз көңіл бөлініп отырылады. Олардың сабаққа дайындалатын бөлмелері, тынығатын орындары жеткілікті. Жатақ үй, төсек-орынмен қамтамасыз етілген.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысының жақсартылуы нәтижесінде өте жақсы бағамен оқыйтын оқушылардың саны көбейе түсті. Оқушы Кеңес Жұмағалиев быйғы 10-класста оқыйды. Ол он жыл бойы бірде-бір рет



қытты совет семьясы!

# Бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресі алдында

БЕИРУТ, 23 ноябрь. (СОТА). Бейбітшілікті қорғаудың жуырда болатын халықтар Конгресіне байланысты бейбітшілікті жақтаушылардың Ливан комитеті Таяу және Орта Шығыс, сол сыяқты, Солтүстік Африка халықтарына үндеу жариялады. Үндеуге Ливанның, Сирияның, Трансйорданияның, Ирактың және Иранның қоғам қайраткерлері қол қойған.

«Біздің халықтарымыз, — делінген үндеуде, — баянды бейбітшілікке, біздің арманымызды жүзеге асырып, гүлденуге бағытталған өзінің барлық жігер-қайратын біріктіру ісінде ұйымдасқандық білдіреді.

1952 жылы 12 декабрьде Венада шақырылатын бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресі халықтардың тәуелсіздігі мен хауіпсіздігі туралы мәселені талқылайтынын біз білеміз.

Бұл Конгреске біздің халықтарымыз қатынасуға тиіс және өздерінің әділетті талаптарының есепке алынуын талап етуге тиіс деп есептейміз, өйткені ұлттық тәуелсіздік, еркін және бақытты өмір біздің халықтарымыздың тұтастығы мен бір-біріне көмегісіз және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік үшін күресіп жатқан халықтардың жеңісіз қамтамасыз етілуі мүмкін емес».

МОНТЕВИДЕО, 23 ноябрь. (СОТА). Уругвайда тұратын испан эмигранттары жуырда болатын бейбітшілікті қорғаудың

халықтар Конгресіне әзірлікті кеңінен өріс тете түсті.

Жуырда жазушы Хосе Бергаминнің председателдік етуімен бейбітшілік үшін күресуші испан комиссиясының мәжілісі болды. Онда бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресіне әзірлікке байланысты мәселелер талқыланды. Комиссия болашақ Конгрестің мақсаттары мен маңызын түсіндіру үшін испан эмигранттарының арасында насихат жұмысын күшейтуге және Венаға бейбітшілікті жақтаушы испан өкілдерін жіберуге байланысты нақтылы жұмыстарды күшейтуге бағытталған қарар қабылдады.

Испан эмигранттары тұратын әртүрлі аудандарда бейбітшілікті жақтаушылардың жыйналыстары өткізіліп, Конгреске баратын делегацияның жол шығынына қаражаттар жыйналуда. Бейбітшілік үшін күрес комиссиясы жеке адамдар мен семьялардан және жеке топтардан хаттар мен телеграммалар алуға. Олар өздерінің хаттары мен телеграммаларында Конгрестің шақырылуын шын жүректен мақұлдайды.

Бейбітшіліктің Уругвай ұлттық советі бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресіне Уругвайдың бейбітшілік жақтаушылары 15 адам жіберетіндігін хабарлады. Делегацияның құрамына кәсіподақ және әйелдер қозғалысының басшылары, жұмысшы табы, шаруа және интеллигенцияның өкілдері, сол сыяқты, Уругвайдағы славян эмигранттарының өкілдері енгізілген.

## Париждың тұрғын адамдарының бейбітшілікті қорғауға бағытталған жыйналысы

ПАРИЖ, 22 ноябрь. (СОТА). Бүгін Францияның астанасында бейбітшілікті қорғауға бағытталған Париж тұрғын адам-

ғанда, Париж ауданының бұл жыйналысында мұнан әрі де талқылана беретін негізгі мәселелер: кәзір болып жатқан совет



## Аналар мен балалардың қамқоршысы

Біздің советтік Отанымызда барлық халықтың әл-ауқат күйі жақсарып, мәдениет дәрежесі артып отыр деп, біз, бақытты аналар мақтанышпен айта аламыз. Капиталистік елдерде біз сыяқты аналар мен кінәсіз жас нәрестелер ауқатты тұрмыс ету тұрмақ, бір үзім нанға зар болып, аштық пен жалаңаштыққа душар болып, үйсіз-күйсіз өмір сүруде.

Коммунистік партияның және үкметіміздің совет халқының, әсіресе, аналар мен балалардың тұрмыстық, мәдени және рухани тілегін өтеуге үнемі зор көңіл бөліп, қамқорлық жасап отыруы нәтижесінде біздің өміріміз күннен-күнге қызықты, күннен-күнге қуанышты болып барады.

Мен торғыз баланың анасымын. Кәзір балаларымның алды ер жетіп, біздің бейбіт өмірімізді күзетуге, Отаны үшін, халқымыздың ауқатты, мәдениетті тұрмысы үшін еңбек етуге жарап қалды. Үлкен ұлым Ғабиден Совет Армиясы қатарында қызмет етеді, кіші ұлым Рафанель мен қыздарым Зейтуна және Мағмура Киров атындағы заводта жұмыс істейді. Ал, үш балам кәзір мектептерде оқып, білім алып жүр.

Біздің елімізде көп балалы ана болу — мақтаныш. Олай дейтін себебім — бізге, аналарға данышпан көсеміміз қамқорлық жасайды. Бұл қамқорлықты біз іс жүзінде көріп отырамыз. Мен соңғы жылдары мемлекетімізден 23 мың сомға жуық көмек алдым, кәзір де ай сайын көп көмек алып тұрамын. Сонымен бірге, әлеуметтік қамсыздандыру орны арқылы да ай сайын жәрдем алып отырамын. Менің балаларымның тамағы тсқ, көйлегі көк, ешқандай мұқтаждық көрмейді. Мұның бәрі үкметіміз бен партиямыздың совет халқының әл-ауқат күйін жақсартып, мәдени дәрежесін көтеруге деген күнбе-күнгі қамқорлығының нәтижесі.

**П. РАХМАТУЛЛИНА,**  
Көп балалы ана.

тана бар. Өйткені, коммунизм орнату күресінің дағдырын шешетін адам. Сондықтан денсаулық сақтау орындарының жұмысын кәзіргі талапқа сай жүргізудің зор маңызы бар.

Бүкіл еліміздегі сыяқты, қаламызда да денсаулық сақтау жұмысының жайын жақсарта беруде айтарлықтай жұмыс істеліп келеді. Қала еңбекшілері негізінен медициналық көмекпен қамтамасыз етіліп

рып отыруға міндетті. Бізде бұған керекті жағдайдың бәрі бар. Свет дәрігерлері ең ардақты дәрігерлер. Олар сталиндік қамқорлыққа бөленген бақытты адамдар. Сондықтан біз өзіміздің бақытты және салтанатты өмірімізге лайықты қызмет істеу үшін күресуге тиіспіз. Бұл біз үшін зор аброй.

**Р. ӘМІРСОВА,**  
Дәрігер-гинеколог.

## Совет жастары—дүниедегі ең бақытты жастар

Совет оқытушылары — мектептегі ең үлкен тұлға. Өйткені, олар совет жастарына коммунистік тәрбие береді. Оларды оқытып, коммунистік қоғам орнату күресінің белсенді кадры етіп шығарады.

Біздің Ушинский атындағы оқытушылар институты жыл сайын көптеген оқытушы кадрлар даярлап келеді. Бұл институтты бітірген оқытушылар республикамыздың мектептерінде көптеп саналады. Мұның өзі институт коллективі үшін зор аброй.

Партиямыздың XIX съезінің алға қойған міндеттеріне байланысты институт коллективі оқу-тәрбие жұмысының сапасын бұрынғыдан да жақсарта түсті. Институтта политехникалық білімге көшу қызу жүргізіле бастады. Жаратылыс-география факультетінің студенттері колхоздардың шаруашылығымен танысып, өздерінің теориялық білімдерін практикалық жұмыспен бекітуде. Жакында осы факультеттің студенттері облысымыздың алдыңғы қатарлы колхозы — Сталин атындағы колхоздың шаруашылығымен танысты. Мұнан бұрын олар Интернационал МТС-нің атақты комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Пономеров жолдасымен кездесіп, оның іс тәжірибесі жөніндегі әңгімесін тыңдады.

Жазғы практикада біздің факультеттің студенттері Омск қаласына барып, мичуриндік ғылымның жаңа табыстары-

мен танысты. Дәнді дақылдардың және басқа да егістердің қалай өсіріліп, өнетіндігін көрді. Мұның барлығы оқытушылардың теориялық білімдерін кеңейтіп, дамыта түсті.

Институтта оқу сапасын арттыра беруге үнемі көңіл бөлінеді. Бұл ойдағыдай нәтиже беріп келеді. Өткен бірінші төрттікте жаратылыс-география факультетінің 17 студенті марксизм-ленинизм негіздерін оқуда сабақты тек жақсы, өте жақсы деген бағамен үлгергендіктерін көрсетті.

Біз стипендия алып оқыймыз. Барлық студенттер жатақхана, төсек-орын, асханалармен қамтамасыз етілген. Оқулықтар жеткілікті. Оқытушылардың көпшілігінің білімі мен тәжірибесі мол. Олардың ішінде бірнеше ғылым кандидаттары бар. Сөйтіп, біздің тек жақсы және өте жақсы оқуымызға барлық жағдай жасалып отыр.

Өзім өте жақсы деген бағаға оқыймын. Болашақта да, осылай оқу үшін күресудемін.

Дүниедегі ең бақытты жастар — совет жастары. Мен сол жастардың бірімін. Сондықтан бақытты өміріміз үшін, бізге күнбе-күн қамқорлық көрсетіп, көңіл бөліп отырғаны үшін совет жастарының сүйікті досы Сталин жолдасқа алғыс айтамын.

**С. ЖАҚИН,**

Ушинский атындағы оқытушылар институтының студенті.

ісіне ерекше көңіл бөлінген. Демек, бұл жоспар халықтың тұрмысын және мәдениет дәрежесін көтере беруге арналған. Жоспарды оқый бастасаңыз-ақ сізді ерекше бір қуаныш билейді. Өйткені, оның әрбір пунктінде совет адамдарының тағдырына байланысты жұмыстар баяндалған.

Біздің сүйікті Отанымызда жер астынан қопарылып алынатын көмір мен колхоздар мен совхоздардың егіс даласынан жыйналып алынатын астық та, салынып жатқан заводтар мен мектептер де халық үшін, халықтың болашағы үшін жасалынып жатыр. Қандай тамаша Отан! Қандай тамаша жоспар! Қандай тамаша мақсат! Міне, осындай ұлы жоспарды орындау ісіне белсене қатысуды біз, жастар өзіміздің өлшеусіз қуанышымыз, зор бақытымыз деп есептейміз.

Микоян атындағы комбинатта жүздеген комсомолецтер жұмыс істейді. Олар кәзір барлық совет адамдары сыяқты партияның XIX съезінің қарарлары және Сталин жолдасының данышпандық еңбегімен жігерленіп, еселенген қарқынмен жұмыс істеуде. Комбинат коллективі жылдық жоспарды Сталиндік Конституция Күніне дейін орындауға міндеттеме алды. Міндеттемені аброймен орындауға бүкіл коллектив болып жұмылды.

Мен консерві салатын жәшіктерді істейтін жастар бригадасын басқарамын. Бригада жақсы істейді. Еңбек өнімділігі жоғары, өнім сапасы мінсіз.

Біз, совет жастары, сүйікті Отанымызды мақтаныш етіп, оның экономикалық қуатын арттыра беру үшін еселенген қарқынмен жұмыс істей беруді өзіміздің бақытымыз деп есептейміз. Біздің бақытымыз Ленин—Сталин партиясының басшылығында.

**З. БАЛАШОВА,**

А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының жұмысшысы.

ноябрь күні о  
Корей Халы  
халық еріктіле  
ағылшын және

**АҒЫЛ**

ЛОНДОН, 2  
уоркер» газеті  
ның Малайя д  
(Джохор княз  
ғын адамдары  
ралы хабарла  
1 ноябрь күн  
бас комиссары  
уақытта Джох  
зүші Малайя  
лімдері туралы  
Пақан Джаби  
дер мен балал  
дарын жазалау  
Полицейлікте  
мірлермен қор

ШАНХАЙ,  
қыны арттыры  
лап етіп отыр  
электр станция  
мысшылары қа  
сіне жапон ж  
рядтары қосыл  
ше берген хаб  
шікті темір ж  
ғының федерал  
тардың 30 бір

**«УДАР**

**«МА**

Сеанстар са  
Касса сағат

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, р  
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет т